

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N 447 Заңы.

Кишиневте 2002 жылғы 7 қазанда жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысы бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымының Жарғысы

(2003 жылғы 18 қыркүйекте күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартқа (бұдан әрі - Шарт) қатысушы мемлекеттер,

БҰҰ Жарғысы бойынша өз міндеттерімен, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерімен қатаң сәйкестікте әрекет етіп, халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптерін басшылыққа ала отырып;

Шартқа қатысушы мемлекеттерді жан-жақты дамыту және олардың қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін қолайлы және тұрақты жағдайларды жасауға ұмтыла отырып;

Шарттың және оның шеңберінде қабылданған халықаралық шарттар мен шешімдердің мақсаттары мен принциптеріне өзінің адалдығын растай отырып;

ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және нығайту мүддесінде әскери-саяси ынтымақтастықты одан әрі дамыту мен тереңдетуде шешімділікке бара отырып;

сыртқы саяси, әскери және әскери-техникалық салаларда, сондай-ақ трансұлттық сес көрсетуге және мемлекеттер мен халықтардың қауіпсіздігіне қатер төндіруге қарсы әрекет ету саласында тығыз және жан-жақты одақтық қарым-қатынастарды жалғастыру мен жетілдіруді өзінің алдында мақсат етіп қоя отырып;

Шарт шеңберінде қызметтің тиімділігін жоғарылату ниетін басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

I-тарау

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымын бекіту

1-бап

Шартқа қатысушы мемлекеттер Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарттың халықаралық аймақтық Ұйымын (ҰҚШҰ) бекітеді, бұдан әрі - Ұйым деп аталады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

2-бап

Шарттың және оның дамуы үшін қабылданған халықаралық шарттардың ережелері мен Шарттың ұжымдық қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері Ұйымға мүше-мемлекеттер (бұдан әрі - мүше-мемлекеттер) және Ұйымның өзі үшін міндетті болып табылады.

II-тарау

Мақсаттары мен принциптері

3-бап

Ұйымның мақсаттары бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мүше-мемлекеттердің тәуелсіздігін, аймақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау болып табылады, оларға жету үшін мүше-мемлекеттер басымдықты саяси құралдарға береді.

4-бап

Ұйым өз қызметінде Ұйымның мүшелері болып табылмайтын мемлекеттермен ынтымақтастық жасайды, қауіпсіздік саласында әрекет ететін халықаралық үкіметаралық ұйымдармен қарым-қатынас орнатады. Ұйым халықаралық құқықтың жалпыға танылған принциптерінде негізделген әділ демократиялық бейбітшілік тәртіпті қалыптастыруға көмек көрсетеді.

5-бап

Ұйым тәуелсіздікті мүлтіксіз құрметтеу, мүше-мемлекеттердің қатысу еріктілігі, құқықтары мен міндеттерінің теңдігі, мүше-мемлекеттердің ұлттық юрисдикциясына жататын істерге араласпау негізінде әрекет етеді.

6-бап

Осы Жарғы мүше-мемлекеттердің олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

III-тарау

Қызметінің бағыты

7-бап

Ұйым мақсаттарына қол жеткізу үшін мүше мемлекеттер оның шеңберінде Ұйымның коалициялық (ұжымдық) күштерін, өңірлік (біріккен) әскер (күштер) топтарын, бітімгершілік күштерін, оларды басқаратын біріккен жүйелер мен органдарын, әскери инфрақұрылымды құруды қоса алғанда, қауіпсіздікке, тұрақтылыққа, аумақтық тұтастыққа және егемендікке қауіп-қатер төнген жағдайда ұжымдық қорғануды және ұжымдық қорғанысқа деген құқықты іске асыруды қамтамасыз ететін ұжымдық қауіпсіздіктің пәрменді жүйесін қалыптастырудың бірлескен шараларын қабылдайды. Мүше мемлекеттер әскери-техникалық (әскери-экономикалық) ынтымақтастық, әскери күштерді, құқық қорғау органдарын және арнайы қызметтерді қажетті қару-жарақпен, әскери, арнайы техникамен және арнайы құралдармен қамтамасыз ету, ұлттық қарулы күштер, арнайы қызметтер мен құқық қорғау органдары үшін әскери кадрлар мен мамандар даярлау салаларында өзара іс-қимыл жасайды.

Мүше-мемлекеттер басқа мүше-мемлекеттермен шұғыл кеңестерді (келісімдерді) өткізгеннен кейін, өз аумақтарында Ұйымның мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің әскер (күштер) топтарын, әскери инфрақұрылым объектілерін орналастыру туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

8-бап

Мүше-мемлекеттер халықаралық терроризммен және экстремизммен, есірткілік заттар мен психотроптық заттардың, қару-жарақтың заңсыз айналымымен, ұйымдасқан трансұлттық қылмыспен, жасырын көші-қонмен және мүше-мемлекеттер қауіпсіздігіне төнетін басқа да қатерлермен күресуде өз күштерін үйлестіреді және біріктіреді.

Мүше мемлекеттер Ұйым шеңберінде мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, аумақтық тұтастығына және егемендігіне қауіп төндіретін дағдарыс жағдайларына ден қоятын жүйені құруға және оның жұмыс істеуіне арналған шаралар қабылдайды.

Мүше мемлекеттер мемлекеттік шекараларды қорғау, ақпарат алмасу, ақпараттық қауіпсіздік, биологиялық қауіпсіздік, тұрғындар мен аумақтарды табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан, сондай-ақ әскери іс-қимылдарды жүргізу немесе олардың салдарларынан туындайтын қауіптерден қорғау салаларында өзара іс-қимыл жасайды.

Мүше-мемлекеттер өз қызметін осы бағыттарда, соның ішінде БҰҰ басшылық рөлі жағдайында барлық мүдделі мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV; 05.01.2024 № 53-VIII Заңдарымен.

9-бап

Мүше-мемлекеттер қауіпсіздіктің халықаралық және аймақтық проблемалары бойынша, соның ішінде Ұйымның консультациялық механизмдері мен рәсімдерін пайдалана отырып, өздерінің сыртқы саяси позицияларын келіседі және үйлестіреді.

10-бап

Мүше-мемлекеттер ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеуін регламенттейтін шарттық-құқықтық базаны дамыту жөнінде және қорғаныс, әскери құрылыс және қауіпсіздік мәселелері бойынша ұлттық заңнаманы үйлестіру жөнінде шаралар қабылдайды.

IV-тарау

Ұйымның органдары

11-бап

Ұйымның органдары мыналар:

- а) Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес);
- б) Сыртқы істер министрлерінің кеңесі (бұдан әрі - СИМК);
- в) Қорғаныс министрлерінің кеңесі (бұдан әрі - ҚМК);
- г) Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының комитеті (бұдан әрі - ҚКХК);
- д) Тұрақты кеңес;

Ұйымның тұрақты түрде істейтін жұмыс органдары Ұйым Хатшылығы (бұдан әрі - Хатшылық) және Ұйымның Біріккен штабы (бұдан әрі - Біріккен штаб) болып табылады.

Ұйымның Парламенттік ассамблеясы парламентаралық ынтымақтастық органы болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген органдардың функциялары мен жұмыс тәртібі осы Жарғымен, сондай-ақ Ұйымның басқа да нормативтік құқықтық актілерімен регламенттеледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

12-бап

Кеңестің, СИМК, ҚМК мен ҚКХК рәсімдіктен басқа мәселелері бойынша шешімдері консенсуспен қабылданады.

Кез келген мүше-мемлекеттің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыс беру, соның ішінде рәсімдік мәселелер бойынша дауыс беру тәртібі Кеңес бекітетін Ұйым органдары рәсімдерінің ережелерімен регламенттеледі.

Кеңестің шешімдері және олардың орындалуы үшін қабылданатын СІМК, ҚМК және ҚКХК шешімдері мүше-мемлекеттер үшін міндеттеуші болып табылады және ұлттық заңнамамен белгіленетін тәртіпте орындалады.

Мүше мемлекеттердің бірде бірі шешімнің осындай тәртіппен қабылдануына қарсы болмаған жағдайда, Кеңес шектеулі форматта шешім қабылдауға құқылы. Егер мүше мемлекеттердің бірде бірі осындай шешімге қарсы болмаса, шектеулі форматтағы шешім қабылдануы мүмкін.

Шектеулі форматта шешім қабылдау үшін дауыс бермеген мүше мемлекет қабылданған шешімнің салдарлары үшін жауапты емес.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

13-бап

Кеңес Ұйымның жоғары органы болып табылады.

Кеңес Ұйым қызметінің принциптік мәселелерін қарайды және оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға бағытталған шешімдерді қабылдайды, сондай-ақ осы мақсаттарды іске асыру үшін үйлестіруді және мүше-мемлекеттердің бірлескен қызметін қамтамасыз етеді.

Кеңестің құрамына мүше мемлекеттердің басшылары не, егер оларға өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттіктер берілген болса, мүше мемлекеттер үкіметтерінің басшылары кіреді.

Кеңестің отырыстарына мүше-мемлекеттердің сыртқы істер министрлері, қорғаныс министрлері, қауіпсіздік кеңесінің хатшылары, Ұйымның Бас хатшысы, мүше мемлекеттердің Ұйым жанындағы Тұрақты және Өкілетті Өкілдері (бұдан әрі - тұрақты өкілдер) және шақырылған адамдар қатыса алады.

Кеңес тұрақты немесе уақытша негізде Ұйымның жұмысшы және қосалқы органдарын құруға құқығы бар.

Егер Кеңес өзгеше шешім қабылдаса, онда аумағында Кеңестің кезекті сессиясы өтетін мемлекет атынан өкілдік ететін Кеңестің мүшесі Кеңестің Төрағасы (бұдан әрі - Төраға) болып табылады. Оның құқықтары мен міндеттері Кеңестің келесі кезекті сессиясына дейінгі кезеңге сақталады.

Егер Төраға өз функцияларын орындай алмаса, онда қалған кезеңге жаңа Төраға сайланады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV; 17.04.2020 № 318-VI Заңдарымен.

14-бап

СІМК мүше-мемлекеттердің ішкі саясат саласындағы өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелері жөніндегі Ұйымның консультациялық және атқарушы органы болып табылады.

15-бап

ҚМК мүше-мемлекеттердің әскери саясат, әскери құрылыс және әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелері жөніндегі Ұйымның консультациялық және атқарушы органы болып табылады.

16-бап

ҚКХК мүше-мемлекеттердің өздерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылын үйлестіру мәселелері жөніндегі Ұйымның консультациялық және атқарушы органы болып табылады.

16¹-бап

Тұрақты кеңес Кеңес сессиялары аралығындағы кезеңде Ұйым шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелерімен айналысатын және Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органдарымен бірлесіп, Кеңес, СІМК, ҚМК және ҚКХК қабылдайтын шешімдердің іске асырылуын қамтамасыз ететін Ұйымның үйлестіруші органы болып табылады.

Тұрақты кеңес мүше мемлекеттердің басшылары өздерінің мемлекетішілік рәсімдеріне сәйкес тағайындайтын тұрақты өкілдерден тұрады және Кеңес бекітетін Ережеге сәйкес іс-қимыл жасайды.

Ескерту. IV-тарау 16¹-баппен толықтырылды - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

V-тарау

Бас хатшы. Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органдары

Ескерту. V-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

17-бап

Ұйымның Бас хатшысы (бұдан әрі - Бас хатшы) Ұйымның жоғарғы әкімшілік лауазымды тұлғасы болып табылады. Бас хатшы Хатшылыққа басшылықты, сондай-ақ Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Бас хатшы СІМК ұсынысымен мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан Кеңес шешімімен үш жыл мерзімге тағайындалады. Бас хатшының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді СІМК-нің ұсынуы бойынша Кеңес қабылдайды.

Бас хатшы Кеңеске есеп береді, Кеңес, СІМК, ҚМК, ҚКХК және Тұрақты Кеңестің отырыстарына қатысады.

Бас хатшы Ұйым органдарының қарауына енгізілетін құжаттар жобаларының әзірленуі мен келісілуін үйлестіреді, оның мүшесі емес басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынастарда Ұйымды білдіреді және олармен жұмыс байланыстарын жүзеге асырады.

Бас хатшы осы Жарғыға, Ұйым шеңберінде жасалатын басқа да халықаралық шарттар мен қабылданатын құжаттарға қатысты депозитарий болып табылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.01.2024 № 53-VIII Заңымен.

18-бап

Хатшылық Ұйым органдарының қызметін ұйымдастыру, ақпараттық, талдау және консультативтік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Хатшылық Тұрақты кеңеспен өзара іс-қимыл жасай отырып, Ұйым органдарының шешімдері мен басқа да құжаттарының жобаларын дайындауды жүзеге асырады.

Хатшылық мүше мемлекеттердің Ұйым бюджетіне қосатын үлестік жарналарына барабар келетін квоталық негізде (лауазымды тұлғалар) мүше мемлекеттер азаматтарының арасынан және конкурстық негізде келісімшарт бойынша жалдап алынатын мүше мемлекеттер азаматтарынан (қызметкерлерінен) қалыптастырылады.

Хатшылықтың функциялары, қалыптасу және жұмыс тәртібі Кеңес бекітетін тиісті Ережемен белгіленеді.

Хатшылықтың орналасатын жері Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы болып табылады. Хатшылықтың Ресей Федерациясының аумағында болу шарттары тиісті халықаралық шарттың негізінде реттеледі.

18¹-бап

Біріккен штаб ҚМК қызметін ұйымдастыру және ақпараттық-талдау тұрғысынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады, Ұйымның әскери құрамдас бөлігі бойынша ұсыныстарды дайындауға, мүше мемлекеттердің әскери басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау үшін, өзінің құзыретіне жататын әскери ынтымақтастық мәселелері бойынша Ұйым органдарының шешімдерін практикалық іске асыруды ұйымдастыру мен үйлестіруге жауап береді.

Біріккен штаб мүше мемлекеттердің Ұйым бюджетіне қосатын үлестік жарналарына барабар квоталық негізде мүше мемлекеттердің әскери қызметшілерінен және конкурстық негізде келісімшарт бойынша жалдап алынатын мүше мемлекеттер азаматтарынан жасақталады.

Біріккен штабтың міндеттері, функциялары, құрылымы, құрамы және ұйымдық негіздері Кеңес бекітетін тиісті ережеде белгіленеді.

Біріккен штабтың орналасатын жері Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы болып табылады. Біріккен штабтың Ресей Федерациясының аумағында болу шарттары тиісті халықаралық шарттың негізінде реттеледі.

VI-тарау

Мүшелік

19-бап

Ұйымның мүшесі болып оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін және осы Жарғыда және Ұйымның шеңберінде қолданылатын басқа да халықаралық шарттар мен шешімдерде көрсетілген міндеттемелерді өзіне алуға дайын кез келген мемлекет бола алады.

Ұйымға қабылдау туралы шешімді Кеңес қабылдайды.

Кез келген мүше-мемлекет Ұйымнан шығуға құқылы. Ұйымның шеңберінде өз міндеттемелерін реттегеннен кейін мұндай мемлекет Жарғының депозитарийіне шығу күніне дейінгі алты айдан кешіктірмей шығу туралы ресми хабарландыру жібереді.

Ұйымға қабылдану және шығу тәртібі Кеңес бекіткен тиісті Ережемен анықталады.

20-бап

Мүше-мемлекет осы Жарғының ережелерін, Кеңестің шешімдерін және оларды орындау үшін қабылданған Ұйымның басқа органдарының шешімдерін орындамаған жағдайда Кеңес оның Ұйым органдарының қызметіне қатысуын тоқтатуы мүмкін.

Мүше-мемлекеттің аталған міндеттемелерді орындамауы жалғасқан жағдайда Кеңес оны Ұйымнан шығару туралы шешім қабылдай алады.

Мұндай мүше-мемлекетке қатысты осы мәселелер бойынша шешімдер оның дауысын есепке алмастан қабылданады.

Мүше-мемлекеттердің Ұйым органдарының қызметіне қатысуын тоқтата тұру немесе Ұйымнан шығару тәртібі Кеңес бекіткен тиісті Ережемен анықталады.

VII-тарау

Байқаушылар мен Әріптестер

Ескерту. VII-тарау жаңа редакцияда - ҚР 17.04.2020 № 319-VI Заңымен.

21-бап

Ұйымның ашық нормативтік құқықтық базасын, қызмет тәжірибесі мен практикасын зерделеуге қызығушылық танытатын Ұйымға мүше болып табылмайтын мемлекеттер, сондай-ақ халықаралық ұйымдар Ұйымның практикалық іс-шараларына

қатысу туралы міндеттемелер қабылдамастан, Ұйым жанындағы Байқаушы мәртебесін ала алады.

Ұйымның Байқаушысы мәртебесі, оны алу және тоқтату тәртібі Кеңес бекітетін тиісті ережемен айқындалады.

21¹-бап

Ұйымның мақсаты мен қағидаттарын жақтайтын, өзара қызығушылық тудыратын салаларда Ұйыммен өзара тиімді ынтымақтастық қатынасын орнату мен дамытуды қалайтын, Ұйымға мүше болып табылмайтын мемлекеттер, сондай-ақ халықаралық ұйымдар Ұйымның практикалық іс-шараларына қатысу бойынша міндеттемелер қабылдап, Ұйымның Әріптесі мәртебесін ала алады.

Ұйымның Әріптесі мәртебесі, оны алу және тоқтату тәртібі Кеңес бекітетін тиісті ережемен айқындалады.

VIII-тарау

Құқықтық қабілеттілігі, артықшылықтары мен иммунитеттер

22-бап

Ұйым әрбір мүше-мемлекет аумағында өзінің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті құқықтық қабілеттілікті пайдаланады.

Ұйым оның мүшесі болып табылмайтын мемлекеттермен ынтымақтастық жасай алады, қауіпсіздік саласында әрекет ететін халықаралық үкіметаралық ұйымдармен қарым-қатынастарды қолдайды, олармен осындай ынтымақтастық орнатуға және дамытуға бағытталған халықаралық шарттарды жасай алады.

Ұйым заңды тұлғаның құқықтарын пайдаланады.

23-бап

Ұйымның артықшылықтары мен иммунитеттері тиісті халықаралық шарттармен анықталады.

IX-тарау

Қаржыландыру

24-бап

Ұйымның тұрақты жұмыс істейтін жұмыс органдарының қызметін қаржыландыру Ұйымның бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Ұйым қызметін қамтамасыз етуге бюджеттен тыс қаражат (қарыз қаражатынан басқа) тартылуы мүмкін, оларды қалыптастыру және пайдалану тәртібі Кеңес бекітетін тиісті ережеде белгіленеді.

Ұйымның бюджеті мүше-мемлекеттердің Кеңес бекітетін үлестік жарналары есебінен құралады.

Ұйымның бюджет тапшылығы болмауы тиіс.

Ұйымның бюджет жобасын Ұйымның бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы Ережеге сәйкес мүше-мемлекеттердің келісуі бойынша әрбір бюджеттік жылға Хатшылық әзірлейді. Ұйымның бюджетін Кеңес бекітеді.

Ұйымның бюджетін қалыптастыру және атқару тәртібі туралы Ережені Кеңес бекітеді.

Мүше мемлекеттер өз өкілдері мен сарапшыларының Ұйым органдарының кеңестеріне, отырыстарына және Ұйым шеңберінде өткізілетін басқа да іс-шараларға қатысуымен байланысты, сондай-ақ Өкілетті өкілдердің қызметімен байланысты шығындарды дербес түрде атқарады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.11.28 № 499-IV Заңымен.

25-бап

Мүше-мемлекеттер екі жылдың ішінде Ұйым бюджетінің алдындағы берешекті өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Кеңес Ұйым шеңберінде квоталық лауазымдарға осы мемлекеттің азаматтарын ұсыну құқығын тоқтату туралы, сондай-ақ берешекті толық өтегенге дейін Ұйым органдарында дауыс беру құқығынан айыру туралы шешім қабылдайды.

Х-тарау

Қорытынды ережелер

26-бап

Осы Жарғы бекітуге жатады және оған қол қойған мемлекеттер бекіту туралы соңғы жазбаша хабарландыруды депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Депозитарий бекіту туралы әрбір хабарламаны алғандығы туралы осы Жарғыға қол қойған мемлекеттерді хабарландырады.

27-бап

Осы Жарғыға мүше-мемлекеттердің жалпы келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген Хаттамалармен ресімделеді.

Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар туралы Хаттамалар оның ажырамас бөлігі болып табылады және осы Жарғының 26-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

Жарғыға ескертулер жасауға жол берілмейді.

Осы Жарғының ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты кез келген даулар мүдделі мүше-мемлекеттер арасында консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Кеңестің қарауына беріледі.

28-бап

Ұйымның ресми және жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

29-бап

Осы Жарғы Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабының ережелеріне сәйкес БҰҰ Хатшылығында тіркеледі.

2002 жылғы 7 қазанда Кишинев қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалған. Түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады, ол осы Жарғыға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК